



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 104 (8367) Сәрсенбі 28 қазан 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ САРАЛАНДЫ

С.Қалмұратов,
«Ауыл жаңалығы».

АУДАНЫҢ ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕК АЙЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ДҮЙСЕНБІ КҮНІ ӨТКЕН КЕЗЕКТІ МӘЖІЛІСІНДЕ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Ауданның ағымдағы жылдың тоғыз айындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының барысы туралы баяндама жасаған аудан әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Д.Жақыпбековтің келтірген мәліметтеріне сүйенер болсақ, осы жылдың есепті мерзімінде ауданның өнеркәсіп саласында 1794,7 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 106,4 пайызды құраған. Осы кезеңде ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемі 15,6 млрд. теңгені құрап, бұл өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда нақты көлем индексі 103,3 пайызға жеткен. Шаруашылықтың барлық санаттарында 7405,5 тонна ет өндірілсе, сүт – 31,6 мың тоннаны, жұмыртқа – 42,4 млн. дананы құраған.

Бүгінгі күнге аймақтағы мүйізді ірі қара саны 33993 басты құрап, 0,7 пайызға, қой 211,3 мың (0,4 пайызға) бас, ешкі 25899 (1,1 пайызға) бас, шошқа саны 1,4 мың (0,1 пайызға) бас, жылқы саны 9,9 мың (1,0 пайызға) бас, түйе саны 797, құс саны белгілі себептермен кеміген.

Ағымдағы жылы 12300 гектар алқап түгелімен орылып, әр гектардан орташа түсім 14,5

центнерден айналған. Жалпы 17835 тонна өнім жиналса, оның ішінде күздік бидай 9300 тонна, жаздық арпа 8535 тоннаны құраған. Сондай-ақ

бюджетінің кіріс және шығыс бөліктерінің орындалу деңгейі, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдағы денсаулықты сақтау, білім беру, спорт,

округтері бекітілген жоспарды орындап шыққанымен, бүгінгі күнге кірістер басқармасының ұсынған мәліметіне сәйкес, кейбір округтерде өндірілмеген

Баяндама аяқталысымен жарыссөзге шыққан аудан әкімдігі қаржы бөлімінің бастығы Ж.Құмғанбаев аудан бюджетінен бөлінген қаржының игерілу барысы, жалпы қаржы мәселелеріне байланысты бүгінгі таңда қойылып отырған талаптар жайлы мәлімет берсе, Бөйтерек ауылдық округінің әкімі М.Қиыбаев әкімшілікке жүктелген функционалдық міндеттерге сәйкес, округ аумағында атқарылып жатқан істерге тоқталып, түсінік берді.

Аталған сала басшыларына мәжіліс төрағасы, аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Ә.Қиыбаев және әкімдік мүшелері тарапынан нақты сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Сонымен қатар әкімдік мәжілісінің күн тәртібіне шығарылған басқа да мәселелер қаралып, ұсыныстар айтылды. Олардың әрбірі бойынша тиесілі



6100 гектарға егілген дақылдан орташа түсім гектарына 5,5 центнерден айналып, жалпы түсім 3355 тоннаны құрапты.

Баяндамашы өз сөзін жалғастыра келе, аудандағы ветеринария қызметінің жұқпалы індеттерге қарсы күрес жүргізу бағытындағы жұмыстары, негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі, аудан аумағында жүргізілген құрылыс жұмыстары, оның ішінде пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы көлемінің өсуі, өңірлерді дамыту бағдарламасының жүзеге асуы, аудан аумағындағы автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары, елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, осы бағыттағы «Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму», «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларының аясында жүзеге асырылып жатқан жобалар, аудан

мәдениет салаларында және қылмыспен күрес, оның алдын алу мақсатында атқарылған

берешек сомалар бар. Жер және мүлік салығы бойынша берешектері бар бірқатар



жұмыстарға тоқталып, кеңінен мәліметтер берді. Сондай-ақ өз баяндамасында Дулат Бекбосынұлы жергілікті салықтардың жиналу барысына тоқталып өтті. Бұл салық түрлері бойынша барлық ауылдық

ауылдық округтерді санамалап берген баяндамашы аудан бойынша кірістер басқармасымен салыстыру жұмыстарын жүргізе отырып, берешек сомаларды өндіру жұмыстарын жандандыру қажеттігіне тоқталды.

қаулылар қабылданды. Мәжіліс жұмысына аудандық мәслихат хатшысы, аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме, бөлім басшылары, ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Құрметті оқырмандар!

ЖАНСЕРІТІМ, СЫРЛАСЫМ

Ниязхан Бейсенов,
ардагер ұстаз.

«Газет – халықтың көзі ғам құлағы» демекші, баспасөздің қай кезеңде болмасын адамзат өмірінде өзінше орны бар. Бүгінгі ғылыми техника дамыған заманда да әлемде болып жатқан оқиғалардан хабар беретін компьютер, интернет, ондағы әртүрлі сайттардың қайсібірі де газет-журналды баса алмайды. Өйткені газет – халыққа білім таратушы құрал. Баспасөзден жүрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молаيып, зейіні өсіп, ашық пікірталастың нәтижесінде парасаты жетіле түседі. Әсіресе, аға ұрпақ үшін ұлқаздың маңызы ерекше.

Иә, газет маған жастайымнан жансерік, сырлас болып келеді. Жастар жағды түсіне бермес, кешегі кеңестік кезеңді көрген, бүгінгі ата-апалар әдеби мұраларды айрықша құрметтейді, қадір тұтады. Осындайда аудандық «Ауыл жаңалығы»-«Сельская новь» газетінің мен үшін қымбат екенін айта кету керек.

Сонау 1940 жылдан бастап шыға бастаған, әуелде «Колхоз жолы» деп аталған аудандық басылым менімен түйедей құрдас. Ес білгелі қолға алып, ондағы әрбір мақаланы, авторларын айрықша сүйіспеншілікпен оқитындықтан да болар газет әлге дейін жанымға жақын. Сондықтан да өз басым аудандық басылымға жазылуды жыл сайынғы дәстүрге айналдырғанмын.

Әрине, газет – бір адамның ғана емес, ұжымдық еңбектің жемісі екендігі рас. Халық үшін білдіріп, мемлекеттік саясатты түсіндіріп, қоғамның топтасуына ықпал ететін құрал.

«Ауыл жаңалығы»-«Сельская новь» газетінің ұжымы мемлекетіміз саясатын жүзеге асыру ісінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауларынан туындайтын мемлекеттік бағдарламалар мен жүктелген міндеттерді, сондай-ақ жергілікті билік органдарының атқарып отырған жұмыстарын мемлекеттік тапсырыс аясында халыққа насихаттау мен түсіндіру жолында бар күш-жігерін аямай еңбек етуде. Нәтижесінде газет басылымының таралымы артып, оқырман тарапынан жан-жақты қолдау тауып келеді. Ауыл адамдарының асыға күтіп оқитын қадірлі де сүйікті басылымы келешекте де жоғары нәтижелерге қол жеткізеді деген сенімдеміз. Ендіше аудан тұрғындарын «Ауыл жаңалығы» басылымына біркөксей жазылып, қолдау көрсетуге шақырамын.

Басылым - 2015

«Ауыл жаңалығы»-ауданымыздың саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өміріндегі жаңалықтарды, ана тілімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді кеңінен насихаттайтын, туған жердің мәртебесін биіктеткен ел азаматтарының өнегелі істерін ұлықтайтын, тәуелсіз еліміздің, ауыл-аймағымыздың қол жеткен табыстары мен алған асуларынан жан-жақты мағлұмат беретін басылым. Басылымға 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу басталды.

Газетке жазылу бағасы:

Жеке (тұлғалар) жазылушылар үшін:

бір жылға - 2698 теңге 56 тиын;

алты айға - 1349 теңге 28 тиын.

Мекеме, ұйымдар (заңды тұлғалар) үшін:

бір жылға - 3098 теңге 48 тиын; алты айға - 1549 теңге 26 тиын.

Газеттің индексі: 65000.



АУЫЛ
ЖАҢАЛЫҒЫ
Сельская новь



АУЫЛ
ЖАҢАЛЫҒЫ
Сельская новь



АУЫЛ
ЖАҢАЛЫҒЫ
Сельская новь

Жамбыл облысы әкімдігінің қаулысы

Тараз қаласы

№255

22 қазан 2015 жыл

«Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы №91 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы №235 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы №91 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 28 тамыздағы №235 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2338 болып тіркелген, 2014 жылдың 11 қазанында «Ақ жол» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. «Жамбыл облысы әкімдігінің діні істері басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Манжуовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

К.Көкрекбаев.

Постановление акимата Жамбылской области

г.Тараз

№255

от 22 октября 2015 года

О признании утратившим силу постановление акимата Жамбылской области от 28 августа 2014 года №235 «О внесении изменений в постановление акимата Жамбылской области от 27 марта 2014 года №91 «Об утверждении регламентов государственных услуг в сфере религиозной деятельности»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 24 марта 1998 года «О нормативных правовых актах» акимата Жамбылской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Признать утратившим силу постановление акимата Жамбылской области от 28 августа 2014 года №235 «О внесении изменений в постановление акимата Жамбылской области от 27 марта 2014 года №91 «Об утверждении регламентов государственных услуг в сфере религиозной деятельности» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №2338, опубликовано 11 октября 2014 года в газете «Знамя труда»).

2. Коммунальное государственное учреждение «Управление по делам религии акимата Жамбылской области в установленном законодательством порядке и сроки обеспечить сообщение в органы юстиции и источники официального опубликования о признании утратившим силу нормативного правового акта, указанного в пункте 1 настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Е.Манжуова.

Аким области

К.Көкрекбаев.

В рамках требования закона

3.Айтжанова, ст.прокурор Байзакской районной прокуратуры.

Прокуратурой Байзакского района проведён анализ обращений граждан касательно порядка использования сведений о наличии судимости при трудоустройстве.

Из приведённых сведений следует, что несмотря на аннулирование всех правовых последствий, связанных с судимостью при погашении или снятии судимости (ст.79 УК РК), работодатели зачастую необоснованно отказывают в трудоустройстве гражданам, а также увольняют с работы при получении сведений о судимости.

При этом, в решениях об отказе в трудоустройстве, либо об увольнении указываются иные основания.

Согласно ст.79 Уголовного Кодекса РК лицо, осуждённое за совершение преступления, считается судимым со дня вступления обвинительного приговора суда в законную силу до момента погашения или снятия судимости. Судимость в соответствии с настоящим Кодексом учитывается при определении рецидива преступлений, опасного рецидива преступлений и при назначении наказания.

Лицо, освобождённое от наказания, а также осуждённое за совершение уголовного проступка, признаётся не имеющим судимости.

Судимость погашается:

1) в отношении лиц, условно осуждённых, – по истечении срока probationного контроля;

2) в отношении лиц, осуждённых к более мягким видам наказаний, чем лишение свободы, – по фактическому отбытию наказания;

3) в отношении лиц, осуждённых к лишению свободы за преступления небольшой или средней тяжести, – по истечении трёх лет после отбытия наказания;

4) в отношении лиц, осуждённых к лишению свободы за тяжкие преступления, – по истечении шести лет после отбытия наказания;

5) в отношении лиц, осуждённых к лишению свободы за особо тяжкие преступления, – по истечении восьми лет после отбытия наказания.

Если осуждённый в установленном законом Республики Казахстан порядке был досрочно освобождён от отбывания наказания или неотбытая часть наказания была заменена более мягким видом наказания, то срок

погашения судимости исчисляется, исходя из фактически отбытого срока наказания с момента освобождения от отбывания основного и дополнительного видов наказаний.

Если наряду с основным наказанием лицу назначалось по приговору суда дополнительное наказание, то срок погашения судимости исчисляется с момента отбытия основного и дополнительного видов наказаний.

В случаях назначения дополнительного наказания в виде лишения права занимать определённую должность или заниматься определённой деятельностью пожизненно срок погашения судимости исчисляется с момента отбытия основного вида наказаний.

При осуждении лица по совокупности уголовных правонарушений или по совокупности приговоров за преступления, относящиеся к различной степени тяжести, судимости погашаются за каждое преступление самостоятельно, при этом сроки погашения исчисляются с момента отбытия наказания по совокупности уголовных правонарушений или совокупности приговоров.

Если осуждённый после отбытия наказания вёл себя безупречно, то по его ходатайству суд может снять с него судимость до истечения срока погашения судимости.

Данная норма не распространяется на лиц, осуждённых к лишению свободы за тяжкие или особо тяжкие преступления, а также наказание, которое назначено при рецидиве преступлений или опасном рецидиве преступлений.

Если осуждённый до истечения срока погашения судимости вновь совершил преступление, течение срока, погашающего судимость, прерывается. Срок погашения судимости по первому преступлению исчисляется заново после фактического отбытия основного и дополнительного видов наказаний за последнее преступление. В этих случаях лицо считается судимым за оба преступления до истечения срока погашения судимости за наиболее тяжкое из них.

Погашение или снятие судимости аннулирует все правовые последствия, связанные с судимостью, за исключением ограничений, установленных назначенным пожизненно дополнительным видом наказания.

В связи с изложенным, всем работодателям при приёме на работу необходимо строго соблюдать требования законодательства и не допускать факты незаконного увольнения, а также неправомерного на работу лиц, у которых судимость снята или погашена в установленном порядке.

“Ел ертеңі-есірткісіз болашақ!”

АТТЫ ЖАСТАР АКЦИЯСЫ ӨТТІ

ӨТКЕН АПТАДА ОРТАЛЫҚ СТАДИОНДА АУДАН ӘКІМІ ЖАҢЫНДАҒЫ НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КОМИССИЯСЫ МЕН БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ЕЛ ЕРТЕҢІ-ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ» АТТЫ ЖАСТАР АКЦИЯСЫ ӨТТІ.

Акция шымылдығы арнайы киім үлгісін киінген жастар “Нашақорлық-ғасыр індеті!”, “Біз ескірткіге қарсымыз!”, “Нашақорлыққа жол жоқ!”, “Ел ертеңі-есірткісіз болашақ!” секілді жалынды сөздерді дауыстап айтып, біркелкі қимыл іс-әрекеттер жасаумен, яғни жастардың флеш-мобмен ашылды.

Акцияда аудан әкімі аппаратының бас инспекторы С.Иманова сөз сөйледі. Салтанат Бөйтеліқызы нашақорлық - әлеуметтік ортақ проблема екендігін, 1987 жылы ББҰ-ның Бас Ассамблеясы шешімімен 26 маусым-Халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күні болып жарияланып, кеңінен аталып келе жатқандығын, жер бетіне миллиондаған өмірлерді алып кетіп жатқан бұл ауру шекараны білмейтіндігін, нәсіл, жыныс, жас талғамайтындығын айтып, аудан көлемінде қоғам дертімен жүргізіліп



жөніндегі нұсқаушысы Ж.Бестерекова жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Ескірткіні пайдаланып, оны қолданатын жандарды ұстау кезіндегі қызметтік итердің әрекеті туралы көріністер көрсетілді. Жас өңшілер Н.Мұханбет, М.Жұмабаевтар “Отаным, “Жасай бер, туған жер!” әндерін әуелете шырқады.

Бұдан соң жастар арасында ескірткінің шығу тарихы мен түрлеріне бағытталған викториналық ойындар ойнатылып, жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталды.



жатқан іс-шараларға тоқталды. Жамбыл облысы ішкі істер департаменті ескірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасының инспекторы В. Дубский мен облыстық саламатты өмір салтын сақтау орталығының маманы М.Кейкеевалар ескірткінің қасіреті туралы айтып, одан бойды аулақ салудың маңызын, саламатты өмір салтын ұстану қажеттігін сөз етті. Көктал ауылдық округінің Жастар ісі



Акция соңында ұйымдастырушылар тарапынан “Наркопост” атты журналдар, шағын буклеттер таратылып, ескірткіге қарсылық ретінде екі қап есірткі өртелді.

Алқалы жиынға аудан прокурорының орынбасары, әділет кеңесшісі Ж.Кушеков, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, полиция капитаны А.Дәуренбеков қатысты. **Өз тілшіміз.**

ҚАЖЫЛЫҚҚА БАРЫП ҚАЙТҚАН ҚАРИЯ

А.Шотбасова, “Ауыл жаңалығы”.

Қажылық - ислам дініндегі бес парыздың соңғысы. Қажылық, хаж жасау – мүмкіндігінше әрбір мұсылманға міндет саналады. Яғни, шариғат бойынша кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс, денсаулығы жақсы, дәулеті жетерлік, өзгеді қарызы жоқ мұсылман ғана бұл парызды өтей алады. Оның парыздығы қасиетті Құранда: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық ету парыз» («Әли-Имран» сүресі, 97 аят), - деп

ұқтырылса, хадис шариғте: «Ислам бес негізге құрылған: Алла Тағаладан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед оның елшісі деп куәлік ету. Намаз оқу. Зекет беру. Рамазан айында толық ораза ұстау, қажылыққа бару», - делінген. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) қажылық парызының жауапкершілігі зор әрі марапатының шексіз екенін ескерткен.

Адамды анадан жаңа туғандай пәк, таза кейіпке бөлендіретін қажылыққа быыл елімізден аттанғандардың қатарында сарыкемерлік Мәліс қажы Халбаев та бар. Қасиетті мекенге сапар шегіп қайтқан қария ниетінің қабыл болуын тілей отырып, ол кісіні сөзге тартқан болатынбыз.

- Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін дініміз өз дәрежесін анықтап, бес парыздың бірі болған қажылыққа баруға жағдай жасайтын қажылық компаниялары құрыла бастады. Бар мақсаттары қажылыққа баруға ниет еткен қажыларымызға сапалы қызмет көрсету болатын «Қызмет саяхат» қажылық компаниясының көмегімен быыл осымен екінші рет парызымды өтеп келіп отырған жайым бар. Аталмыш компания қызметкерлеріне зор алғысымызды білдіреміз, олар барлық жағдайымызды жасап, парызымызды дұрыс өтеуімізге, елге аман-есен оралуымызға сапалы қызмет етті.

Алла кезекті рет сәтін салып барған қасиетті мекеннен алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу өте қиын. Ондағы тазалық, адамдардың бір-біріне деген мейірімі, Мекке-Мәдина топырағына аяғың тигендегі сезімді түсіндіру мүмкін емес шығар.

Біз 11-ші қыркүйек күні Алматы-Мәдина бағыты бойынша жолға шықтық. Пайғамбарымыздың қаласы, сәуілі Мәдинада ислам әлеміндегі Меккедегі әл-Харам мешітінен кейінгі

де осындай қиындықтарға қарамастан онда барғандардың барлығы атқаруға тиісті міндеттерді түгел орындауға бар күш-жігерлерін салады. Өйткені қажылыққа барша жұрт айрықша сеніммен, адал ниетпен барады емес пе?

Біз де осы шарттардың барлығын барынша дұрыс орындауға тырыстық. Алтап ыстыққа қарамастан оразамды толық орындап шықтық. Жанымадағылардың жарамайсың-ау деген сөздеріне қарамастан, Алла-Тағалам күш-қуат беріп оразаны қаза қылмадым.

Сонымен ары қарай айтар болсақ, Минаға барып түнедік, Арафа күні Арафат тауына шығып, сағи жасап, Сафа мен Маруаның арасында жеті рет жүгіріп өттік. Қағбаны айналып, қол тигіздік, Мұзалифадан Минаға бардық, сайтанға тас аттық, құрбан шалдыдық.

Негізінен, қажылыққа барған адам өзімен бірге үш нәрсені алып қайту дәстүрге айналған дейді зей. Оның біріншісі, әрине өзінің елі үшін, жанұясы, бауырлары үшін молынан дұға жасау, екіншісі зәм-зәм суы, үшіншісі, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өз қолымен еккен әжуа құрмасы.

Солдай демекші, қасиетті жерге барғанда, еліміздің, халқымыздың амандығын тілеп, бүгінгі бейбіт өмірге шүкіршілік етіп келдік, - дейді Мәліс қажы.

Ал, үлкен сапарға аттану үшін денсаулықтың дұрыс болуы қажет екендігін алға тартып, жетпістің бесуіне келген қариядан сергек жүрудің сырын сұрағанда «алдымен адал болу, адам болу маңызды, содан кейін барып спортты жанына серік ету керек. Намаз оқудың өзі де іс-қимыл. Осындайда жастарымыздың жылдан-жылға намазға бет бұруы қатты қуантады. Салауатты, сауатты ұрпақтың өсіп келе жатқаны аға ұрпаққа үлкен мақтаныш» деп жауап қатты.



ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ – қатерлі діни ұйым

Е.Жақыпов, Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» ақпараттық түсіндіру және талдау бөлімінің басшысы.

Тәуелсіздігімізді алып, тоқыраған рухани құндылықтармыздың бірі дәстүрлі діни танымдымызды жандандыра бастадық. Осы рухани бос кеңістікті толтыру мақсатында, жастар дін іздеп шекара асып, діни оқу орындарына кетіп жатты. Шетелдегі күмәнді діни оқу орталырынан оқып келген азаматтар елімізге келіп, өз ілімдерін таратып, көптеген жастар жыйыпта үлгерді. Осындай, еліміздің тұрақтылығы мен тұтастығына қауіпті діни ағымдардың бірі - «Таблиғи жамағат» ұйымы десек қателеспейміз. Бұл ұйым негізін 1926 жылы Үндістанның Кандахла деген елді мекенінде дүниеге келген Шейхұл-Хадис Маулана Мухаммад Закария Кәндхлуэи (1885-1944 ж.ж.) қалаған. Алайда, бұл кісінің өмірбаяны жайлы мағлұматтар өте аз.

Үндістаннан бастап алған таблиғи топтың идеологиясы уақыт өте келе, көрші Пәкістан, Бангладеш, кейіннен Сирия, Иордания, Палестина, Ливан, Мысыр, Судан, Ирак, араб елдеріне тарады. Бұдан ары Еуропаға және ІМД елдерінде кең таралып, соңынан біздің елге де келген.

«Таблиғи жамағат» өкілдері жайлы қысқаша сипаттама беретін болсақ, бұл ұйым мүшелерінің діни сауаттары төмен деңгейде. Сонысына қарамай, олар «үш күн, жеті күн, қырық күн дағуат айтамыз, адамдарды дінге шақырамыз» - деп, елді мекендерді аралап, кейде шекара асып кетеді. Баратын жерлері Үндістандағы медресе (марказ) «Низамуддин», Пәкістандағы «Райванд» және Бангладештегі «Кокрайл» медреселері екендігі белгілі. Ол жердің діни ұстаздары, оқы мен солын білмейтін адамдардың санасына дәстүрлі емес діни уағыздарды ендіреді.

«Таблиғи жамағат» діни ұйымының негізгі ұстанымы мен мақсаты - фанатизм, яғни, соқыр сенім болғандықтан, олар топқа, яғни жамағаттарға бөлінеді, әрбір топ мүшелерінің қызметтерін нақты бөліп қарастыратын өз басшысы - әмірі болады және өмірге бағыну олар үшін міндет.

Әмірлері діни қағидаттарды бұрмалап, Пәкістанның ұлттық кішіміне өздерін «дағуатшылар» («дінді насихаттаушылар») ретінде таныстырып, біз таза ислам жолына шақырамыз деп, тек қана Кәндхлуэидің «Фазаил амал» («Амалдардың

құндылықтары») - деген кітаптарын оқуды насихаттайды.

Діни сауаты төмен, зайырлы білімнен хабары таяз таблиғи жамағаты елдің өркендеуімен дамуына, халықтың әлеуметтік, экономикалық әл-ауқатының жақсаруын тежейді. Себебі, адам баласы дүниеге келген соң білім-ғылымды игеріп, елінің дамуы мен өркендеуіне қызмет етуі тиіс. Ал, бұл ұйым мүшелері болса ғылым дегеніміз дін деп, одан басқа алгебра, астрономия, философия және тағы басқа ғылым салаларынан адамдарды тосады. Бұл жағдайда ел ешқашан дамымайды, ал Құран мәтініне келетін болсақ ғылым-білімге шақыратын аяттар жетерлік.

Қазақстан Республикасының 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында белгіленген тәртіп бойынша, құзыретті органда діни бірлестік ретінде тіркеуден өтпеген бұл ұйымның ендігі қызметі ел аумағында заңсыз болып есептеліп, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 26 ақпандағы шешіміне сәйкес «Таблиғи жамағат» ұйымы экстремистік деп танылды. Осыған сәйкес, Қазақстан аумағында тыйым салынып, оны насихаттаған адам жауапқа тартылады.

Дін жолына түсем деп, экстремистік жолға түсіп кетпеу үшін сан ғасырлардан бері ұстанып келе жатқан дәстүрлі діни танымдымызды үйренуіміз керек. Мәселен, дінің өзіндік қағидалары мен заңдылықтары болады, солар қоғамға еніп, әдетке айналып, қолданыс табуымен іс жүзінде жүзеге асуын дәстүрлі діни таным деп атаймыз.

Қазақтың дархан даласында ислам діні, соның ішінде Ханафи жолы кең тараған. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрлі, ата-ананы аялауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет қылуға негізделген. Бұл жолды ұстанған халқымыз экстремист те, лаңкес те болған емес. Ендеше, бүгінгі ұрпақ дінді қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал.

Дәстүрлі діни таным жайлы мағлұмат алу үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми имамдарынан, сайттарынан және облыс әкімдігі дін проблемаларын зерттеу Орталығының дінтанушы мамандарынан алса болады. Орталықтың негізгі қызметі облыстағы діни ахуалды зерделеу, талдау және түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қазіргі уақытта республикалық «114» - қауырт желі және Орталықтың «Сенім телефондары» 51-50-20 немесе 8 771 050 13 04 ұялы байланысы қызмет атқарады.

В «режиме» ожидания

Р.Джакипбаева, «Ауыл жаңалығы».

Вносятся «последние штрихи»: идут к завершению строительные работы, и совсем скоро ожидается сдача новой противотуберкулезной больницы, расположенной на территории Мырзатайского сельского округа района. С большим нетерпением ждёт это новоселье особенно персонал старой районной противотуберкулезной больницы. Это четвёртая по счёту в области противотуберкулезная больница после Мойнкумского, Т. Рыскуловского, Сарысуевского районов. Возглавит новую больницу нынешний главврач противотуберкулезной больницы Ержан Шайзадаевич Абдыхалыков. Накануне мы встретились с ним и имели беседу.

Краткая справка:

Е. Ш. Абдыхалыков возглавляет районную противотуберкулезную больницу с 2006 года.

Он закончил Семипалатинский государственный медицинский институт в 1994 году. Начал свою трудовую деятельность хирургом в одном из районов Семипалатинской области. А в 1996 году переехал в город Тараз, где начинал хирургом в городской поликлинике №2. Затем, через год, перешёл в областную противотуберкулезную больницу - торокальным хирургом. За его плечами 21-летний стаж врачебной деятельности. И именно ему довелось сегодня возглавить новую противотуберкулезную больницу, строительство которой ведётся в нашем районе второй год и сдача которой ожидается в декабре месяце.

Иметь под своим началом новую больницу, оборудованную по последнему слову науки и техники, которая отвечает всем современным требованиям «не только почётно, но и обязывает ко многому», - считает Ержан Шайзадаевич.

Новая противотуберкулезная больница является типовым зданием, которая включает в себя все необходимые объекты противотуберкулезной службы. Она расположена на 7,25 гектарах. Больница состоит из главного корпуса, в котором расположены три лечебных отделения. Это физиотерапевтическое отделение. В третьем отделении находятся 26 палат: 5 одноместных, 12 двухместных, 10 трёхместных, отвечающих всем

необходимым требованиям — прежде всего на каждого больного здесь приходится по 7,5 квадратных метров, согласно нынешним стандартам.

Также в главном корпусе размещены кабинеты для амбулаторного приёма взрослых и детей, клиническая лаборатория, рентген кабинет.

Кроме главного корпуса имеются отдельно стоящие здания — это



бактериологическая лаборатория, дезинфекционное прачечное отделение, столовая, патолого-анатомический корпус, котельная, корпус для утилизации медицинских отходов, гараж.

На территории больницы предусмотрены ограждённые железобетонным забором водозаборная башня и поля фильтрации.

В целом больница рассчитана на 60 коек-мест и будет принимать больных с Сарысуевского, Таласского, Жуалинского, Жамбылского, Байзакского районов и города Тараз. Это будут впервые и повторно заражённые больные. Больные с открытой формой туберкулёза проходят лечение в областной противотуберкулезной больнице.

«И всё это к услугам наших больных, - говорит главврач Ержан Шайзадаевич. - Конечно, руководить новой противотуберкулезной больницей не только почётно, ответственно, но ещё и приятно. - Представьте себе огромный больничный комплекс на семи гектарах, где есть всё необходимое. Только главный корпус здесь занимает 5 тысяч квадратных метров. Это, конечно же, ни в какое сравнение не идёт с нашей настоящей больницей, которая действует с 1952 года и находится в нескольких приспособленных помещениях в центре села Сарыкемер. Тогда как, согласно санитарным правилам и нормам, противотуберкулезная больница должна находиться как минимум в 500 метрах от населённого пункта.

Теперь у нас будет то, о чём мы и мечтали - новое рентгенооборудование на два рабочих места, централизованное стерилизационное отделение — его у нас

в прежней больнице не было и в помине. Баклаборатория в нашей больнице находилась в приспособленном помещении. А здесь для наших услуг - новый корпус баклаборатории. Также - новый аппарат для утилизации медицинских отходов, который будет перерабатывать отходы группы А в бытовой мусор. Прежде эти отходы мы отправляли для утилизации в город. В

физкабинете всё оборудование новое: ингаляторы, массажёры, различные тренажёры. Одним словом, больные получают квалифицированное лечение, а работать в подобных кабинетах одно удовольствие. Кабинеты и палаты - светлые, просторные, уютные.

Разговоры о строительстве новой больницы велись давно. И вот, наконец, благодаря усилиям руководства области и района, в прошлом году на её строительство из областного бюджета было выделено 1 млрд. 168 млн. 450 тысяч тенге.

И, конечно, новая больница - гарантия снижения количества больных туберкулёзом. К примеру, в 2006 году у нас было 112 больных, а в настоящее время - 56. Думаю, с открытием новой больницы будет меньше риска заразиться этой болезнью, а в случае заражения имеются все условия для полного излечения больных. Ведь, как известно, туберкулёз полностью излечивается, даже открытая форма», - заключил Е. Абдыхалыков.

И вот через полтора месяца долгожданный объект будет сдан. Все строительные работы завершены, остаются последние штрихи. В настоящее время устанавливается новое оборудование, заводится мебель.

Строительство данного объекта вело ТОО «ТемирСтройСервис и К» - Курдайская строительная фирма, имеющая 10-летний наварк работы на строительном рынке. На объекте работали около 90 человек — все квалифицированные специалисты с большим стажем.

Одним словом, как и намечали строители, объект будет сдан в срок. И совсем скоро больница примет первых своих пациентов.

ҰСТАЗДАР ӘУЛЕТІ

Е. Серікбайұлы, Байзақ ауданының Құрметті азаматы.

БІЛІКТІ БАСШЫ-ҰЖЫМНЫҢ БЕРЕКЕСІ. М. ӘУЕЗОВАТЫНДАҒЫ БІЛІМ ОШАҒЫН 33 ЖЫЛДАН БЕРІ БАСҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН МЕЙРАМБЕК МАМАСЕРІКОВ БҮГІНДЕ ҰЖЫМ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН СОНДАЙ БІЛІКТІ БАСШЫНЫҢ БІРІ.

Темірбек ауылдық округіне қарасты аталмыш білім ошағы алдымен 1924-1926 жылдары сауат ашу мақсатында жұмыс істеген. 1928 жылы бастауыш, 1947 жылы Мұхтар Әуезов атындағы сегіз жылдық, ал 1983 жылы орта мектеп болып құрылған күннен бастап, бүгінге дейін аталмыш оқу орнының басшысы болып Мейрамбек Мамасеріков жемісті еңбек етіп келеді.

1956 жылдың 2-қаңтарында «Сарыбарак» ауылында дүниеге келген ол, Чапаев атындағы орта мектепті 1973 жылы бітірген. Еңбек жолын өзі оқыған Чапаев атындағы мектептен бастаған Мейрамбек іскерлігінің арқасында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып бес жылдай жұмыс істейді.

1983 жылы сол тұстағы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Райымбек Смайловтың бұйрығымен М. Әуезов атындағы орта мектептің директоры қызметіне тағайындалады. Жиырма жеті жасында жауапты қызметке тағайындалған Мейрамбек Әлімқұлұлы бүгінде алпыстың аскарына шыққан, ысылған, тәжірибелі, байсалды, өз ісін жетік білетін басшы. Арына кір түсірмеген азамат кезінде коммунистік партияның мүшесі, ауылдық кеңестің депутаты болып сайланған.



Білікті басшы білім беру үрдісінде заманауи оқыту технологияларын пайдалана отырып, жастарды білімді де білікті, елін, жерін сүйетін, қазіргі қоғамға лайық етіп тәрбиелеу ісіне бар күш-жігерін жұмсауда. Жас ұрпақты шығармашылық рухта, азамат етіп тәрбиелеудің түп тамыры күнделікті тәрбиенен басталатыны белгілі.

Білім беру үрдісінің жаңаша әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу, біліммен қаруландыруда ұстаздарға қоятын талап жоғары. Сондықтан да ол үнемі оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын мұғалімдердің пайдалануына жағдай жасап отырады.

Мектеп ұжымы шағын. 38 мұғалім жұмыс істейді. Тәртіп күшті, ынтымақты берік.

Аталмыш білім ошағынан түлеп шыққандар арасынан белгілі айтыскер акын, марқұм Әзімбек Жанқұлиев,

Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ғалым Бейсенов, Тараз қаласындағы жоғары оқу орнында оқытушы болып қызмет етіп жүрген Абдулла Ботбаев - ел мақтанышы.

“Мектеп-кеме, білім-теңіз” демекші, өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие, саналы білім беріп жүрген ұстаздар: биология пәнінің мұғалімі Әсемқұл Мамбетова, тарих пәнінің оқытушысы Роза Аманқұлова, ағылшын пәнінің оқытушысы Қалдықұл Есімова, ән-күй пәнінің мұғалімі Перизат Оспанова, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы Салиха Сәтеновалар-ұжым құрметіне бөленгендер.

Көп жылғы жемісті еңбегі үшін Мейрамбек Мамасеріков 1995 жылы Қазақстан Республикасы “Білім беру ісінің үздігі белгісімен” марапатталған. Ыбырай Алтынсарин медалінің иегері. Облыстық білім басқармасының, аудан әкімі, аудандық мәслихаттың Алғыс хаттары мен Мақтау грамоталарымен марапатталған. Жалпы Мамасеріковтердің әулетін ұстаздар құрайды десек қателеспейміз. Өйткені Мейрамбектің ағасы Токтағұл Мамасеріков 1994-2004 жылдар аралығында Чапаев атындағы мектепте ал, 2006 жылдан бастап Құмжота ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте директор болып қызмет етуде. Оның зайыбы да ұстаз.

Мейрамбектің жолдасы Үміт Маженова - бастауыш сынып оқытушысы. Білікті ұстаз, аяулы ана, сүйікті жар.

Ағайынды Токтағұл мен Мейрамбектің ұл-қыздары, келіндері де мұғалімдер. Екі отбасы да ынтымағы жарасқан, елге үлгі болатындай жанұялар. Мақтауға да, мақтанға тұрарлық, шаңырақтарына ырыс пен дәулет қонған киелі әулет.

АЛПЫС - СЕКЕҢ ҮШІН ТАЛ ТҮС

М.МАНЕКЕЕВ, «Ауыл жаңалығы».

Өніп, өрбіп, өзгеріп жатқан мынау дүниедегі қай нәрсе, қандай құбылысқа зер салсаң да, бір жәйді айқын аңғарасың: ештеңе жоқтан пайда болмайды, ал бар нәрсе не құбылып өседі, не құлдырап өседі. Тек табиғи болмыста ғана емес, рухани болмыста да солай. Кешегінің бәрін кеше, бүгінгінің бәрін сұңғыла санамай, айналамызға байыптай қарап, әділ бағалай білсек, тек өз тағдырына ғана емес, өзі шұғылданатын іс, өзі жүрген орта тағдырына ардайым жауапкершілікпен қарай білген инабатты жандар әуелден де баршылық екеніне көз жеткіземіз.

Мақала тақырыбын Шерхан Мұртаза ағамыздың сөзін пайдаланып осылай атауымның өзіндік себебі бар. Секен деп отырғаным, ауданымызға танымал, қашан көрсен де қайнаған, қарбалас тірліктің ортасында жүретін қарапайым, ақкөңіл, жетібайлық Серік Кембаев ағамыз.

Жетібай ауылының ардақты азаматы, сол өңірдің дамып, өркендеуіне саналы ғұмырын арнаған Кембаев Серік Жетпісұлы 1955 жылдың 29 қазанында Свердлов ауданы (қазіргі Байзақ), Фрунзе атындағы колхозда дүниеге келген. Жастайынан еңбек етуден еш жалықпаған ол, ізденімпаздығы мен еңбекқорлығы арқасында 1972 жылы Ново-Ивановка орта мектебін үздік бітіріп, Жамбыл қаласындағы гидромелиоративтік құрылыс институтына түсіп, студент атанады. Институтты бітірісімен 1977 жылдан 2007 жылға дейін туған ауылына келіп, табан аудармай 30 жыл бір жерде бас маман, кәсіподақ ұйымының төрағасы, соңғы 15 жылында Жалғызтөбе ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарады. 2007-2013 жылдары аралығында «Жасұлан және К» ЖШС-де инженер-гидротехник болса, ал, бүгінгі таңда, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту бөлімінде маман болып жұмыссыздықты неғұрлым азайту жолында қарапайым халықтың ортасында өз қызметін абыроймен атқаруда. Білімін, біліктілігін арттыруды әр кез ұмытпайтын Секен 1991-1994 жылдары Алматыдағы Қазақ менеджмент-экономика институтына сырттай оқуға түсіп, экономист мамандығын меңгереді. Табанды еңбек, төккен тер елеусіз қалмай, Серік ағамыз аудандық, облыстық деңгейдегі түрлі дәрежедегі марапаттарға ие болады.

Бүгінде өз замандығын сүйіп, өмірінің мәніне айналдырған ел ағасы асқаралы 60 жасқа келіп отыр. Жамбыл орта мектебінің жоғары санаттағы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Тамара Рыскелдіқызымен шаңырақ көтергеніне де міне, 35 жыл болыпты. Ұл-қыздарына өз өмірлік тәжірибесін үйретуді ұмытпайтын Секен мен Тамара бүгінде 3 қыз, 2 ұлдың әкесі, 4 немеренің атасы мен әжесі. Олардан тараған ұрпақтары қазіргі күнде өмірден өз орындарын тапқан. Үлкен қызы Салтанат Тараз қаласындағы жоғарғы оқу орнында мұғалім болса, Әсемі мен Айгүлі де жоғары білімді мұғалім мамандығын игерген. Ұлдың үлкені - Нұрсұлтан жоғары білімді инженер-программист, кенжесі Ерсултан Алматыдағы университеттің соңғы курсына оқиды.

Қызметтің сан түрлі пайдалағынан өткен Серік ағамыздың асқаралы алпыс жасымен құттықтап, отбасына амандық, деніне саулық, бак-береке тілейміз.



ТЕЛЕДИДАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Жұма 30 қазан

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Таңшолпан”, 08.00, 09.30 “KAZNEWS”, 10.00 Т/х “Біздің ағай”, 10.50 Т/х “Сырғалым”, 11.45 “Айгүл оңай...”, 12.30 “Көңілдер” әзіл-сықақ, 13.00 “Бірге таңдаймыз!”, 14.10, 22.15 Т/х “Келін”, 15.00 “Әйел бақыты”, Ток-шоуы, 16.10, 00.55 Т/х “Жүрегің сізге аманат”, 17.05 “Жан жылы”, 17.30, 19.30, 00.10, 03.20 “KAZNEWS”, 17.55 М/с “Өуекай”, 18.10 “Қазақстан мен Кореяны медициналық ынтымақтастығы”, Арнайы репортаж, 18.30 “Иман айнасы”, 18.55 “Менің Қазақстаным”, 20.00 “Парламент”, 20.15 “Серпін”, 21.05 “Намыс доса”, Халықаралық сайыс, 23.15 “Сіз не дейсіз?”, 23.45, 03.30 “Жайдарман” үздік әзілдер, 00.40, 03.50 “Парламент”, 01.50 “Бірге таңдаймыз!”, 02.50 “Иман айнасы”, 04.05 “Сіз не дейсіз?”, 04.35 “Жан жылы”, 04.55 “Ғасырлар үні”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 “Жить здорово”, 06.50 Жаңалықтар, 07.00 “Доброе утро”, 11.00 Т/с “Пятницкий. Глава третья”, 12.05 Т/х “Сүйген жар”, 13.00 “Ашығын айтқанда” ток-шоуы, 14.00 “Жұма уағызы”, 14.15 “Следствие покажет”, 15.20 “Первые новости”, 15.30 Х/ф “Тарифид”, 17.15 “Жди меня”, Казахстан, 18.20 “Поле чудес”, 20.00 “Главные новости”, 20.40 Т/х “Сүйген жар”, 21.40 Басты жаңалықтар, 22.20 Т/х “Джоджа және Акабар”, 23.25 “Точь-в-точь”, 02.40 “П@yтинa” бағдарламасы, 03.00 “Ашығын айтқанда” ток-шоуы, 03.45 “Модный приговор”.

АСТАНА

07.00 “Ел аузында”, 07.30, 20.30, 00.50 Новости “20:30”, 08.00, 20.00, 00.20 Жаңалықтар, 08.30 “Такси”, 09.00, 15.50 Т/х “Ғажайып отбасы”, 10.20, 22.10 Т/х “Байлыққа бастаған”, 11.30, 18.00 Т/х “Мадхубала”, 13.35 “Сырты бүтін...”, Деректі драма, 14.05 “Репортер представляет”, 14.35, 23.10 Т/с “Аббатство Даунтон”, 17.10 “KAZNET”, 17.30 “Такси”, 21.00 Т/с “Диверсант. Конец войны”, 01.20 Ән шашу.

ХАБАР

07.00, 04.00 КР әнұраны, 07.02 “Білгенге маржан”, 08.00 “Жаңа күн”, 10.00 Жаңалықтар, 10.10 “Подари детям жизнь”, 10.15 Т/с “Снег”, 11.00 Новости, 11.10, 02.30 “Әр үйдің сырты баста”, 11.45 “Матин кукли”, 12.15 Т/х “Қыз жолы”, 13.00 Жаңалықтар, 13.15 Д/ф “Семейные мелодрамы”, 14.00 Т/с “Условия контракта”, 15.00 Новости, 15.15 “Бұйымтай”, 16.00 “Өмір сабақтары”, Деректі драмасы, 16.30 “Үлт саулығы”, 17.00 Жаңалықтар, 17.15 “Бармысың, бауырым?”, 18.00 Новости, 18.15 Т/х “Агент Z”, 19.05 “Орталық хабар”, 20.00, 01.30 Жаңалықтар, 20.30 “Арман канатында”, 21.00, 21.00 “Тюги дня”, 21.30 “Жанды дауыс”, 23.30 Т/х “Жаным”, 03.00 Жаңалықтар.

КТК

06.05 М/ф, 06.15 “КТК” қоржынынан” ойын-сауықты бағдарлама, 07.00 Д/с “Экстремальные каникулы”, 07.25 Т/х “Қарадай”, 08.30 Жаңалықтар, 09.00 Т/х “Жаңақар патшайым”, 09.55 Т/с “Верны мою любовь”, 12.00 Новости, 12.40 Т/с “Наша правда”, 13.50 Т/с “Выгнание раскольников”, 15.50 “Семейные драмы”, 17.00 Т/х “Тағдырмен тартыс”, 18.00 Т/х “Махаббат мұны”, 18.30 “Әйел қырық шырақты”, 20.30 Жаңалықтар, 21.00 Вечерние новости, 21.40 “Наша правда”, 22.45 Х/ф “Иван, сын Амира”, 01.40 “РЕВИЗОРРО”, 02.30 “ТОЙ BESTSTAR”, 03.35 Жаңалықтар, 04.00-05.00 Т/х “Қарадайы”.

31 КАНАЛ

06.00 “Ризамын”, 06.30 “Информбюро”, 07.30 Т/х “Сүйген сұлу”, 09.00 Т/х “Үш жүрек”, 10.00 Т/с “Счастливый вместе”, 11.00 “Ералаш”, 13.00 “Сазды әуен”, 14.00 Т/с “Телемәкет”, 15.00 Т/с “Городские легенды”, 15.30 Х/ф “Солдаты неудачи”, 18.00 Т/х “Кухня-4”, 19.00 “Дом-весел-2”, 20.00 “Информбюро”, 21.00 Т/х “Сүйген сұлу”, 22.00 Т/х “Сен келерсін”, 23.00 Т/х “Айты-молдовен”, 00.00 Т/х “Алғашқы махаббат”, 01.00 “Дом-весел-2”, 02.00 Х/ф “Одиннадцать друзей Оушена”, 04.00 “Қазақша концерт”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

07.30 “Қайыры таң, Әулиеата”, 09.30 Жаңалықтар, 09.50 Новости, 10.10 “Телемәкет”, 10.15 “Сазды әуен”, 10.30 “Телемәкет”, 10.35 “Жаса, менің елім”, 10.50 “Иман нұры”, 11.00 “Балаларға базарлық”, 11.25 “Сөз маржан”, 11.30 “Телемәкет”, 11.35 “Күй күмбір”, 11.45 Т/х “Дом-весел-2”, 20.00 “Информбюро”, 21.00 Новости, 13.20 “Балаларға базарлық”, 13.45 “Телемәкет”, 13.50 “Телемәкет”, 13.55 “Әулиеата әуендері”, 14.05-17.50-техникалық үзіліс, 17.55 “Бірінші студия”, 18.20 Жаңалықтар, 18.35 Новости, 18.50 “Телемәкет”, 19.00 “Телемәкет”, 19.05 “Сазды әуен”, 19.15 Т/х “20.00 Жаңалықтар”, 20.20 Новости, 20.40 “Телемәкет”, 20.45 “Күй күмбір”, 20.55 “Үлт саулығы”, 21.15 “Ел мерейі”, 21.30 “Телемәкет”, 21.40 “Телемәкет”, 21.45 “Әулиеата әуендері”, 21.55 Көркем фильм, 23.25 Т/х “Жаңалықтар”, 00.20 Новости, 00.40 “Телемәкет”, 00.45 “Сазды әуен”.

Сенбі 31 қазан

ҚАЗАҚСТАН

07.00, 02.15 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”, 08.00 “Қымызхана”, 08.35 “Артбизнес”, 09.00 “Сенбілік таң”, 10.10 “Қазақстан дауысы”, 11.55 “Дауа”, 12.30 “Поэзия әлемі”, 13.00 “Азаттықтың алтын бесігі”, Республикалық акциялар айтасы, 14.50 Футбол, Қазақстан премьер-лигасы, “Астана” - “Ертіс”, 17.00 “Азаттықтың алтын бесігі”, Республикалық акциялар айтасы, 19.30, 00.30, 03.00 “KAZNEWS”, 20.05 “Үздік әндер”, 21.00 “Сенбілік кездесу”, 22.35 “Жайдарман”, Республикалық жоғары лига, 01.05 Т/х “Жаңа қоныс”, 03.35 “Еңбек түбі-берекесі”, 03.40 “Дауа”, 04.10 “Білгірлер байгесі”, 04.55 “Ас болсын!”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/с “Ментовские войны-6”, 07.50 “Таңғы пошта”, 08.25 “П@yтинa” бағдарламасы, 08.50 Жаңалықтар, 09.00 “Смак”, 09.40 Х/ф “Кула уходит любви”, 11.45 “Фабрика грёз”, 12.10 “Әйел сыры...”, 13.20 “101 кенес”, 13.45 “Караоке такси”, 14.25 “П@yтинa” бағдарламасы, 15.20 Х/ф “Сила любви”, 20.00 “Первая программа”, 20.30 “Х FАCTOR”, 22.00 “Кешкі кездесу”, 23.30 “Сенбілік жаңалықтар”, 00.00 “Метод”, 02.25 “Караоке такси”, 02.25 “101 кенес”, 03.20 Т/с “Ментовские войны-6”, 04.30 “Таңғы пошта”.

АСТАНА

08.00 Новости “20:30”, 08.30 Жаңалықтар, 09.00 “Суперпапа”, 09.40 М/ф “Ничуть не страшно”, 09.50 М/ф “Просто так”, 10.00, 00.45 “Ән мен әзіл” концерттік, 11.00 “Дүние жарық”, 11.30, 18.30 Т/х “Мадхубала”, 13.30 Т/с “Обмани, если любишь”, 15.35 Х/ф “Женя, Женечка и “катюша”, 17.15 “KAZNET”, 17.30 “Сырласу” ток-шоуы, 18.10, 20.05 “Ел аузында”, 20.30 “20:30 біздің уақыт”, 21.20 “Астана кеші көңілді” концерттік шоуы, 22.35 Х/ф “Чего ждать, когда ждешь ребенка”.

ХАБАР

07.00 КР әнұраны, 07.02 “Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының”, Гала-концерт, 09.00 “Бармысың, бауырым?”, 09.40 “Продвижение”, 10.00 “Үлт саулығы”, 10.30 М/ф “Каникулы в Простоквашино”, 10.50 М/ф “Союз зверей”, 12.20 Сказка, “Принцесса для гусей”, 13.30 “Орталық хабар”, 14.30 “Жанды дауыс”, 16.20 “Мен-чемпион”, 16.55 Х/ф “Мост в Терабигию”, 18.35 “Ду-думан”, 19.45 “Бенефис-шоу”, 21.00 Ақпарат арнасы “Жеті күн”, 22.00 Х/ф “Чикаго”, 00.10 Т/х “Жаным”, 01.40 “Күзгі романс” спектаклі, 03.30 Әнұраны.

КТК

07.05 К/ф “Спортлото-82”, 08.40 “Шаншар-20 жыл!”, 09.10 “Жүрекжарды”, 09.50 “Удвин меня!”, 12.00 Новости, 12.40 “Наша правда”, 13.50 Х/ф “Не может быть!”, 16.10 Т/х “Махаббат пен өшпенділік”, 18.10 “Біздің концерт”, 19.30 “ТОЙ BESTSTAR”, 21.00 “Очная ставка”, 22.00 “Другая правда”, 23.00 “Я стесняюсь

своего тела”, 01.00 Х/ф “Старики”, 02.40 Т/х “Махаббат пен өшпенділік”, 04.20-05.25 “КТК” қоржынынан”.

31 КАНАЛ

06.00 “Әзіл студия”, 06.30 “Информбюро”, 07.30 Т/х “Сүйген сұлу”, 09.00 Х/ф “Солдаты неудачи”, 11.00 “Готовим с Аль”, 11.30 М/с, 12.00 Х/ф “Малыш”, 14.00 Фестиваль “Бурабай Әзіл Фест”, 15.30 Х/ф “Одиннадцать друзей Оушена”, 18.00 М/ф “Рога и копыта”, 20.00 Т/х “Сүйген сұлу”, 22.00 “Айттыс алаңы”, 23.00 Х/ф “Двенадцать друзей Оушена”, 01.30 Кино “Дитя тьмы”, 03.30 “Қазақша концерт”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

09.05 Жаңалықтар, 09.25 Новости, 09.45 “Мұғалім мәртебесі”, 10.00 “Бірінші студия”, 10.25 “Телемәкет”, 10.30 “Телемәкет”, 10.35 “Әулиеата әуендері”, 10.45 “Үлт саулығы”, 11.05 “Өзін-өзі тану”, 11.30 “Балаларға базарлық”, 11.40 “Телемәкет”, 11.45 “Сазды әуен”, 11.55 Общественный фильм, 13.10 “Сіз не дейсіз?”, 13.50 “Телемәкет”, 14.00-16.00 – техникалық үзіліс, 16.05 “Телемәкет”, 16.10 “Сазды әуен”, 16.30 М/ф, 17.00 Т/х, 17.55 “Телемәкет”, 18.00 “Әулиеата әуендері”, 18.10 “Балабай”, 18.25 “Обменный фонд”, 18.45 “Телемәкет”, 18.50 “Телемәкет”, 19.00 “Апта”, 19.50 “Сіз кайда жүрсіз?”, 20.00 Т/х, 20.30 “Жамбылдың сенбілік кеші”, 21.10 “Сөз маржан”, 21.15 “Жамбылспорт”, 21.25 “Телемәкет”, 21.30 “Телемәкет”, 21.40 “Сазды әуен”, 21.50 К/ф, 23.25 “Телемәкет”, 23.30 Концерттік бағдарлама.

Жексенбі 1 қараша

ҚАЗАҚСТАН

07.00 “Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт”, 08.30 “Қымызхана”, 09.00 “Ақсауыт”, 09.30 “Бүгін жексенбі”, 11.10 “Баламен бетпе-бет”, 11.30 М/с “Әлі мен Аия”, 11.55 Концерт “Айгөлек”, 13.00 “Азаттықтың алтын бесігі”, Республикалық акциялар айтасы, 2-бөлім, 15.20 “Келбет”, 15.35 “Намыс доса”, 17.40 “Жаңалықтар”, 17.05 Концерт “Бір өлең, бір әуен”, 19.00 “Әзіл әлемі”, 20.00 “Апта.kz”, 21.00 “Қазақстан дауысы”, 22.50 К/ф “Біржан сал”, 01.00 “Көкпар” ұлттық ойын, 01.40 “Апта.kz”, 02.45 Концерт “Бір өлең, бір әуен”, 04.30 “Келбет”, 05.00 “Ақсауыт”.

ЕВРАЗИЯ

06.00 “Сенбілік жаңалықтар”, 06.30 Т/с “Ментовские войны-6”, 08.30 Жаңалықтар, 08.45 “Воскресные беседы”, 09.00 “Здоровье”, 10.10 “Казлто”, 10.50 “Чулпан Хаматова. Звезда рассвета”, 12.00 “Ән дария”, 13.05 “Кешкі кездесу”, 14.35 “Караоке такси”, 15.05 “Х FАCTOR”, 16.30 Х/ф “Полоса отчуждения”, 21.00 “Аналитика”, 22.00 “П@yтинa”, 23.05 “Ән дария”, 00.10 “Клуб веселых и находчивых”, 02.45 “П@yтинa” бағдарламасы, 03.30 Т/с “Ментовские войны-6”.

АСТАНА

08.00, 20.05 Арнайы жоба, “Той жыры”, 08.25 “Ел аузында”, 09.15 “Суперпапа”, 09.55 “Күлдірген”, 10.15 “Астана кеші көңілді”, Концерттік шоуы, 11.30, 18.30 Т/х “Мадхубала”, 13.00 Т/с “Обмани, если любишь”, 15.00 Х/ф “Мачеха”, 17.10 “Сырты бүтін...”, Деректі драма, 17.40 “Магия”, 18.00 Шоу-лекция “Бай бол”, 20.30 “20:30”, 21.20 Х/ф “Умри, Кася. Новолуние”, 23.55 “Шәмші Қалдаяқов әндерінің кеші”.

ХАБАР

07.02 “Әлия Әбікенованың “Ән гәккүй” атты ән кеші, 08.30 “Айбын”, 09.00 Ақпарат арнасы “Жеті күн”, 10.00 “Ас арқау”, 10.30 “Я-чемпион”, 11.00 М/ф “Победитель”, 12.30 Сказка, “Король Дроздобород”, 13.40 “Линия судьбы”, 14.10 “Бенефис-шоу”, 15.20 Бекжан Әшірбаевтың шығармашылық кеші, 16.55 “Өмір сабақтары”, Деректі драмасы, 17.25 Х/ф “Дүние жарық”, 18.35 “Қызық times”, 19.50 “Ду-думан”, 21.00 “Жеті күн”, 22.00 Х/ф “Умница Улит Хантинг”, 00.20 Т/х “Жаңа күн”, 01.50 “Ғашықсыз ғасыр” спектаклі.

КТК

07.05 М/ф, 07.35 М/с “Астробой”, 08.00 “КТК” қоржынынан”, 08.50 Д/ф “Арпалыс”, 09.50 “Эксперимент”, 10.15 “Звездная жизнь”, 11.15 Х/ф “Иван, сын Амира”, 14.50 “Дорога домой”, 15.00 “Махаббат пен өшпенділік”, 17.00 “Шаншар-20 жыл!”, 17.30 “Өнерлі отбасы”, 18.30 “Көңілді отбасы”, 19.30 “Әйел қырық шырақты”, 20.30 “Эксперимент”, 21.00 “Портрет неелі”, 22.00 “Слуги народа”, 23.00 Х/ф “Пять лет и один день”, 01.00 “Я стесняюсь своего тела”, 02.45 “КТК” қоржынынан”, 04.05-05.25 К/ф “Спортлото-82”.

31 КАНАЛ

06.00 “Әзіл студия”, 07.00 М/ф, 08.00 Т/х “Сүйген сұлу”, 10.00 Х/ф “Малыш” (Узбекстан), 12.30 “Сәт сапар”, 13.00 М/ф “Рога и копыта”, 15.00 Х/ф “Двенадцать друзей Оушена”, 18.00 Анимированное кино “Беовульф”, 20.00 Т/х “Сүйген сұлу”, 22.00 Фестиваль “Бурабай Әзіл Фест”, 23.30 Х/ф “Тринадцать друзей Оушена”, 02.00 Х/ф “Панормальное явление: Метка дьявола”, 04.00 “Қазақша концерт”.

ҚАЗАҚСТАН-ТАРАЗ

09.00 Әнұран, андипта, 09.05 “Балаларға базарлық”, 09.30 Деректі фильм, 09.55 “Балабай”, 10.10 “Ел мерейі”, 10.25 “Телемәкет”, 10.30 “Телемәкет”, 10.35 “Әулиеата әуендері”, 10.45 “Балаларға базарлық”, 11.05 “Сыр-перне”, 11.35 “Сөз маржан”, 11.40 “Телемәкет”, 11.45 “Сіз кайда жүрсіз?”, 11.55 Көркем фильм, 13.00 “Жамбылдың сенбілік кеші”, 13.50 “Телемәкет”, 14.00-16.00-техникалық үзіліс, 16.05 “Телемәкет”, 16.10 М/ф, 16.30 “Обменный фонд”, 17.00 Т/х, 17.55 “Телемәкет”, 18.00 “Әулиеата әуендері”, 18.10 “Общество и закон”, 18.25 Деректі фильм, 18.45 “Телемәкет”, 18.50 “Телемәкет”, 19.00 “Айна бибі”, 19.30 Т/х, 20.30 “Әулиеата әуендері”, 20.40 “Ел ертені”, 21.15 “Тосқауыл”, 21.25 “Телемәкет”, 21.30 “Телемәкет”, 21.40 “Сазды әуен”, 21.50 Көркем фильм, 23.25 “Телемәкет”, 23.30 Концерттік бағдарлама.

(Телебағдарламаларға өзгерістер болуы мүмкін)

ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

Т-398-10-104. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Тегістік ауылы, Чапаев көшесі, №28 үйдін тұрғыны болған **Карасая Рызабек Сапаровичтің** 2015 жылдың 10 маусымы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

Т-399-10-104. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Дүтбаев көшесі, №7 үйдін тұрғыны болған **Шолтобаева Бахтажамалдың** 2015 жылдың 21 маусымы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, 3 бұрылыс, Орынқұлов көшесі №92 үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері А.Асырауоваға жолығулары керек.

Т-400-10-104. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қызыл жұлдыз ауылы, Фахрудинов көшесі №9 үйдін тұрғыны болған **Абдраимов Нұрдулай Джумагуловичтің** 2015 жылдың 6 маусымы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Меделулов көшесі №33 “а” үйде орналасқан

АНАЛЫҚ АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

А.Идрисова,
Сарыкемер ауылының тұрғыны.

АДАМ БАЛАСЫ ТУМЫСЫНАН МЕЙІРІМ МЕН ҚАЙСАРЛЫҚТЫ, АДАЛДЫҚ ПЕН САНАЛЫЛЫҚТЫ ӨН БОЙЫНА СІңІРІП ӨСІП, ЕСЕІЕ КЕЛЕ ОСЫ БІР АСЫЛ СЕЗІМДЕР ЕҢБЕКПЕН ҰШТАЛЫП, ЕРЛІКПЕН САБАҚТАСЫП ЖАТАТЫНЫ БАР. «ЕЛІМ ДЕП ЕМІРЕНІП, ЖҰРТЫМ ДЕП ЖҰГІНІП ҚЫЗМЕТ ЕТІП ЖҮРГЕН» АЗАМАТТАРЫМЫЗ КЕШЕГІ АТЫ АҢУЗҒА АЙНАЛЫП ҮЛГЕРГЕН ҚАС БАТЫРЛАРДЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАҒАН ҰРПАҒЫ ЕМЕС ПЕ?!

Қай сәтте, қай жерде болмасын, жүрегін қолына алып жүгіріп, мүмкіндігінше көмек қолын созатын қазақ азаматтары арамдызда барына «тәуба» дегім келеді. «Өркімнің-ақ ер атанғысы келеді. Елім деп еңіреп туған асыл ер, азаматтардың ерекше еңбегі ғана ерлік болып бағаланады. Екінші бірін ер атағы берілмейді. Он мыңның бірі, миллионның жүзіне ғана тиеді ол құрмет. Ердің еңбегін ел бағалайды. Бір ердің ерлігі жүз жауынгерге үлгі, мыңға өнеге

болады. Ердің ерлігін ер қайталайды», – деп Бауыржан Момышұлы ағамыз айтқандай, ерлік те қайталанатын жатады. Қалай айтсақ та, ерліктің аты – ерлік! Мені бүгін аудандық газет редакциясына жетелеп келген осындай ой болатын.

Осындай өр мінезді, ерге тән жүректілікпен қайырымдылық жасаған азаматтар үстіміздегі жылдың 8 қазанында Қостөбе ауылында орын алған жол-көлік апатынан менің ұлым Ануарды арашалап қалады. Тараз қаласынан Сарыкемер ауылына бет алған аудандық әділет басқармасының кызметкерлері Мәди Сатыбалдиев, Әділбек Мамытқұлов, Ерлан Төлебаев, Азамат Байсеркеевтер жол-көлік апатына ұшыраған ұлыма алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіп, орталық ауруханаға жеткізілуіне себепкер болады. Балам Ануарды ажал аузынан арашалап қалған айтулы азаматтардың ісін ерлікке бағалауым сондықтан. Жергілікті басылым арқылы Мәди Сатыбалдиев, Әділбек Мамытқұлов, Ерлан Төлебаев, Азамат Байсеркеев есімді жаны ізгі жандарға аналық алғыс сезімділді жеткізе отырып, дендеріне саулық, еңбекте үлкен табыстарға жетулеріне тілектестігімді білдіргім келеді.

РҮСТЕМ ЫСҚАҚҰЛЫ

Үстіміздегі жылдың 24 қазанында Байзақ ауданының Құрметті азаматы, Ботамойнақ ауылдық округі жанындағы соғыс және еңбек ардагерлері қоғамдық ұйымының төрағасы Рүстем Ысқақұлы 87 жасына қараған шағында дүниеден өтті.

Рүстем Ысқақұлы 1928 жылдың 1 қаңтарында Қызылорда облысы, Кармакшы ауданы, 16-шы ауылда туылған. 1935 жылға дейін сол жерде, сол ауылда өскен. 1935 жылы Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,



Байзақ ауылы (бұрынғы Свердлов колхозының Кеңес-1 бөлімшесіне) көшіп келген. 1936 жылдан бастап, осы ауылдағы (колхоздағы) Кеңес бастауыш мектебінде оқыған. Ұлы Отан соғысы жылдарында колхозда әртүрлі салаларда сушы, малшы, бригада есепшісі секілді жұмыстар істеді.

1946-1947 жылдары аудандық ақша бөлімінде хатшы-есепші, 1947 жылдың сәуір айынан бастап мұғалімдік қызметке ауысады.

1953 жылы Жамбылдағы Абай атындағы педагогикалық училищесін, 1960 жылы Алматыдағы Абай атындағы мұғалімдер факультетін сырттай оқып бітірген ол, 1960 жылдан бастап Кеңес орта мектебінде директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1972-88 жылдар аралығында Свердлов атындағы орыс-қазақ орта мектебінде директордың орынбасары, директоры және қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып істеп, 1988 жылы еңбек демалысына шығады. 41 жыл бойы үздіксіз бала тәрбиелеу, оқытумен айналысып, көпшілік-қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

Рүстем Ысқақұлы әсіресе мектептің оқу-тәрбие жұмысын ж